

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ  
Қамқоршылық кеңес хаттамасы № 4

18.05.2020 жыл

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. «Жаз-2020» оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы (Ш.Кожаяханова)
2. Қамқоршылық кеңесінің есебі, келесі 2020-2021 оқу жылына жұмыс жоспарын жоспарлау (С.Макина)

1. «Жаз-2020» оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы (Ш.Кожаяханова)

Жазғы уақытта «Балдәурен» сауықтыру лагері жұмыс жасайды деп жоспарлануда. Мектеп бойынша азаматтық отбасынан шыққан, көпбалалы отбасынан, толық емес отбасынан және биылғы жылғы оралман оқушылар қамтылады. Барлығы 40 оқушы қатысады деп жоспарлануда. «Балдәурен» сауықтыру лагері 2 маусымда жұмыс жасайды. Оқушылар таңертең сағат 900-ден 1400-ге дейінгі уақытта сауықтырылады. Мектеп бойынша «Жаз-2020» штабы құрылады. Жұмыс жоспары бекітілді. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуы мен бос уақытын өткізуін қамту; Міндеттері: Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету; Азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру; Қоғамдық пайдалы іс-әрекетте дағдыларын практикалық түрде қолдану. Сауықтыру лагерінің өзектілігі: Балалардың толыққанды демалуына, сауығуына, олардың ішкі әлеуетін дамытуына жағдай жасау, тәрбиеленушілердің әртүрлі, қоғамдық маңызы бар және тұлғалық тартымды қызметке, әртүрлі жастағы ұжымдағы мазмұнды қарым-қатынасқа және тұлғаралық қарым-қатынасқа қосу негізінде негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға жәрдемдесу. Жазғы демалыс бүгінгі таңда тек әлеуметтік жағынан қорғауға ғана емес, шығармашылық дамуын, интеллектуалдық және жан әлемін байытады.

Мектеп бойынша «Тілашар» даму лагері, «Түлек-2020» профлагері, «Еңбеккер» еңбек лагері, аулалық лагерлер және «Шабыт» театры, «Лингва», «Асық ату», «Баскетбол» үйірмелері өз жұмыстарын бастайды. Мектепалды даярлық топ оқушыларынан бастап, 1-10- сыныптың оқушыларын қамту жоспарлануда. Демалыс қызметін ұйымдастыру нысандары: байқаулар, мерекелер мен көріністер, әңгімелесу және бақылау, ойындар мен сайыстар, мастер-класстар, практикалық сабақтар, көрмелер ұйымдастырады. «Жаз-2020» сауықтыру лагері оқушылардың жақсы демалуына барлық жағдайлар жоспарлануда.

Аудан бойынша «АқЖелкен» сауықтыру лагері кесте бойынша жұмыс жасайды. Мектептен азаматтық отбасынан шыққан оқушылар саны – 16, оның ішінде 5 бала сауықтыру лагеріне жіберіледі.

Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты карантин болған кезде жоспарланған барлық жұмыстар қашықтықтан ұйымдастырылады. «Экобоом жобасы» «Family day» жобасы, «Менің жазғы демалыс кезіндегі қызықты күндерім» сурет салу, эссе жазу акциясы, «Кітап-рухани қазына» кітап оқу эстафетасы, «Спортпен шұғылданаық!» атты спорттық жаттығулар жасау акциясы, «Қолөнер шебері» колөнер бұйымдарын жасау акциясы, отбасылық флешмоб, бау-бақшаны күту, өсіру акциялары ұйымдастырылады.










**2.Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесінің есебі, келесі 2020-2021 оқу жылына жұмыс жоспарын жоспарлау

**Сөйледі:** Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары С.Макина

Ол өз сөзінде мектепте өткен Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы айтып өтті. Қайрымдылық шараларға белсенділік танытқан тұлғаларды марапаттауға ұсыныс жасады. Мектепте өткен іс-шараларға атсалысқан кеңес мүшелеріне алғысын білдіріп келесі оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын жоспарлауға ұсыныстар жасады.

**Шешім:**

1. «Жаз-2020» кезіндегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысы жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2019-2020 оқу жылының жылдық көрсеткішіне жақсы деген баға берілсін.
3. 2020-2021 оқу жылына Қамқоршылық кеңес жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы:		С.Макина
Кеңес мүшесі		А.Жайлауова
Кеңес мүшесі		М.Масугутов (м.а)
Кеңес мүшесі		Б.Жумадиллов
Кеңес мүшесі		А.Рустемханова
Кеңес мүшесі		Ж.Байдильдина
Кеңес мүшесі		М.Абельдинова
Кеңес мүшесі		М.Аскарова
Кеңес мүшесі		С.Жунусов